

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН КОГНИТИВТИ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗІ

Бауыржан Нурумбет ұлы САЙФУЛЛАЕВ,
ф.ғ.ф.д., (PhD)

Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университеті

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15257015>

XXI ғасырда дүниеге келген жаң бағыт яғни антропоцентристік парадигма тілді құрылымдық және жүйелік парадигмамен сабақтастықта зерттей отырып, тілді тек қарым-қатынас пен ойды білдірудің құралы емес, ұлттың рухани, мәдени коды ретінде қарастырады.

Барлығымызға белгілі, тіл – әрбір елдің, әрбір ұлттың тарихын, мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігін, тіпті сол ұлттың өз болмысын танытатын, оны сақтап қалатын, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін ұлы қазына ретінде қоғамдағы ең маңызды қажеттіліктердің бірі болып есептелінеді. Сондықтанда бүгінгі күнде тілдің құрылымдық, коммуникациялық қызметтерінен басқа да қырларын, қасиеттерін анықтау терең зерттеуді талап етіп отыр.

Адам мен тіл, адам мен дүние (материалдық), адам мен ғарыш, адам мен ғалам, мәдениет пен өркениет, ондағы адам орны сияқты жалпы адамзаттық мәңгілік мәселелердің қай-қайсысы болмасын тілді айналып өтпейтіні даусыз. Ақпараттық технология үстемдік етіп, жаһандану үрдісі кең қанат жайған қазіргі заман тілді «*Табиғат-Адам-Қоғам*» үштігі контекстінде, адам табиғатымен, этнос, ұлт, халық сияқты тілдік қауымдастықтың тарихи-мәдени, саяси-әлеуметтік өмірімен біртұтастықта қарастыруды талап етеді.

Дүниенің тілдік бейнесін жасаудағы басты ұстанымдардың бірі – антропоцентристік ұстаным. Антропоцентризм деген – «адам» және «центризм» деген екі сөз (ұғым) қосылып, адамның дүниетанымдағы рөлін көрсететін философиялық термин болып табылады. Ол «дүниенің, әлемнің бәрі адам үшін, адамның игілігі үшін» деген ұғымға саяды. Яғни антропоцентризм – дүниені, тілді адами тұрғыдан, адам үшін түсіндіретін концепция болып есептелінеді.

Тілді антропоцентристік тұрғыдан зерттеуге негіз болатын бұл салалардың барлығы түптеп келгенде, мынадай мәселелерді шешуді көздейді: адамның тілге қалай ықпал жасайтынын анықтау және тілдің адам санасына, ойлауына, мәдениетіне қалай әсер ететінін, қандай қызмет ететінін анықтау т.б. Тілді зерттеудің антропоцентристік бағыты тіл біліміндегі адамның тілдік факторы мәселесін, тілдің адамға қызмет ету мәселесі, тіл арқылы адамның табиғаты мәселесін ашумен тікелей байланысты.



Қазіргі тіл біліміндегі зерттеулер нәтижесі мен анықтамаларды сараптай келіп, біздің ойымызша, когнитивтік лингвистиканы тіл білімінің антропоцентристік бағытқа сүйенген саласы деп түсінуге болатын сияқты. Когнитивтік құрылымның негізгі элементтерінің бірі есе – *концепт* терминіне тікелей байланысты. Қазіргі лингвистикада «*концепт*» термині көптеген пікірталастың өзегіне айналғаны, осыған байланысты бірнеше ғылыми бағыттар қалыптасқаны белгілі.

Концепт термині қолданысқа енуімен байланысты тіл ғылымында оның ұғымнан, мағынадан айырмашылықтары туралы көптеген даулы мәселе қарастырыла бастады. Бұл мәселеде кейбір ғалымдар концепт пен ұғым терминдері ұқсас деп тауып, олардың бірін ғана қолдануды ұсынса, енді бір ғалымдар бұл терминдердің екеуінің де қолданылу аясы бар деп, оларды бөлек-жара ажыратып көрсетеді. Концептіге берілген «санада қалыптасқан логикалық болмыс», «бейнелер жиынтығы», «ақиқат дүниенің мәдени бейнесі» т.б анықтамалардан көруімізге болады, оны әр түрлі аспектіден қарастыруға болатындығы айқын көрініс табады және концептілер өз ішінде санада танылу деңгейіне қарай да жіктеледі. Мысалы, өмір, өлім концептілері метафизикалық концептіге жатса, қуаныш, қайғы, бақыт концептілері эмоциялық концептіге жатады.

Ал енді, мақаламыздың объекті болған Абай Құнанбайұлының шығармаларын антропоцентристік бағыт негізінде талдап көруге өтсек.

Абай Құнанбайұлының қай шығармасы болмасын өзінің өмірге көзқарасын, ой-пікірін, ақиқат дүниеге қатынасын білдіріп отырады. Адамның ақиқат дүниеге қатынасы тілдік құралдар арқылы беріліп, соның негізінде ақпарат жүйесі қалыптастырып отырады. Бұл ғалам бейнесін бейнелейтін ақпарат жүйесі автордың ғалам туралы концептуалды тұжырымдамаларынан көрінеді. Демек, көркем шығармаға концептілік талдау ғаламның тілдік бейнесі туралы білімді анықтап алу үшін қажет. Кез келген көркем шығарманы тек лингвостилистикалық талдаумен, яғни шығарманың көркемдік ерекшелігін талдаумен шектеуге болмайды. Мұндайда автор шеберлігі, оның ақиқат дүние туралы таным-түсінігі, көзқарасы айқын көрінбейді. Осы орында концептілік талдау автордың ақиқат дүниеге қатынасын айқындап, көркем шығарманы талдаудың екінші бір қырын ашатын бірден бір тілдік құрал ретінде қызмет етеді. Автор ақиқат дүниеге көзқарасын білдіру арқылы сол дүние туралы білім қалыптастырады. Мұны ғаламның тілдік бейнесі дейміз.

Абайдың дүниетанымына терең бойлаудың бір ғана жолы оның шығармашылығын, шығармашылығының түйінін шешетін тілін зерттеу болып



табылады. Абайдың ой елегінен өткен тілдік бірліктердің танымдық, интеллектуалдық, руханияттық, мәдени-әлеуметтік қырларын ашу үшін антропоцентристік тұрғыдан зерделеу қажет.

Ғалам бейнесінің вербалды сипатын ашуда «концепт» ұғымының маңызы ерекше. Концепт тілдің болмысын анықтайтын табиғат пен қоғамдағы құбылыстардың нақты көрінісі болып табылады.

Концепт бір сөздің беретін ұғымы, түсінігі емес, күрделі семантикалық бірлік. Ол тілдік бірліктердің қандайын болса да (сөз, сөз тіркесі, сөйлем, дискурс) белгілей алатын, семантикалық өріс ретінде де көрініс беретін мағына. Онсыз ол концепт деңгейіне көтеріле алмайды.

Көркем шығармаға концептілік талдау ғаламның тілдік бейнесі туралы білім қалыптастыру мақсатында жасалады. В.И.Постовалова «концептілік талдаудың мақсаты – бір ғана таңбаның аясында жинақталатын жалпы концептілерді тауып, когнитивті құрылымындағы сол таңбаның болмыс-бітімін анықтау» деп түсіндіреді[5, 58].

Қазақ тіліндегі концептілерді М.А. Күштаева: «концептіні адам дүние танымындағы әлем туралы ақиқат болмысты бейнелейтін когнитивті бірлік ретінде қарастыра келе, адамның әлем туралы жинақталған мәдени түсініктері бейнеленген жеке атаулары бар ғаламның тілдік бейнесі, концепт терминіне «рухани мәдениеттің тірек сөздері» мағынасында ғана түсінбейміз, себебі тірек сөз концепт сөзіне емес «мәдени концепт» тіркесіне балама ретінде қолданылады»[4, 192] дегенді айтады.

С. Жапақов: «концепт дегеніміз индивидтің, тілдік ұжымның, лингвистикалық қоғамдастықтың ақиқат туралы білім жүйесі болып табылады» [2, 18] - дейді.

Ш. Елемесова концептілерге көркем мәтіннің ассоциативті концептілік құрылымы арқылы келе отырып: «Концепт базалық когнитивтік маңыздылық ретінде мәнді пайдаланатын сөздермен байланыстырушы концептуализация маңыздылық ретінде шындықтың адам миында бейнеленуі» [1, 16] - деп атайды.

Дүниенің тілдік бейнесі ұлттық мәдениет контексінде қарастырған А.Исламның пікірінше: «Концепт дегеніміз – ұлттық дүниетанымның ықшам да, терең мағыналы дүниетаным құндылықтарын айқындайтын тілде көрініс тапқан күрделі бірлік. Әр ұлттың *концептілер* жүйесін дүниетаным құндылықтары құрайды. *Концептілер* бір-бірімен тығыз байланыста болып, бір-бірінен туындап отырады. Әр қоғамның даму кезеңдерге сәйкес тіл мен мәдениет иелерінің абстрактілі *концептілерді* танып түсінуінде өзгерістер



болғанымен, негізгі мәдени, дүниетанымдық мәні өзгеріссіз ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады»[3, 299].

Сонымен адамзат баласы жасаған базалық рухани құндылықтар мен материалдық мәдениетті білдіретін тілдік модельдерді концепт ретінде тануға болады. Себебі тілдік модельдердің фондық негізінде ойлаудың логикалық моделі жатады. Жалпы логикалық модельге деректі дерексіз ұғымдар мен таным түсініктер топтастырыла келе ақиқаттағы объектінің сонымен бірге когнитивті санадағы ментальды модусының тілдік объективтенуі болып табылады. Әрбір ұлттың өзіндік менталитетін, когнитивті түсінігін, сана-сезімін, өзіндік жаратылысы табиғатын яғни бүкіл мәдени болмыс бітімін тілдің негізінде танып білуге болады. Осыдан барып бірде лингвомәдениеттанудың, бірде когнитивті лингвистиканың категориясы болып танылып жүрген концепт терминін когнитивті лингвистиканың басты объектісі деп тануымызға болады.

Абай шығармаларының тілін антропоцентристік тұрғыдан зерттеу ауқымы бір мақалаға сыймайтын болғандықтан, ақынның тілдік әлеміндегі «Адам» концептісіне ғана тоқталуды мақсат еттік. Абайдың тілдік әлемінде орталық орын алатын «Адам» концептісі десек, артық айтқандық емес. Айналып келгенде, Абайдың шығармаларында адам, адамның өмірі, адам және қоғам, адам және Алла, адамның жан дүниесі, адам кім деген мәселе көтеріледі. Абайдың шығармаларында адамның өмірінің әрбір кезеңі, өсу жолы сөз болады. Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі «Адам» концептісіне тән семантиканы беретін сөздер, сөз тіркестері, мәтін элементері антропоцентристік тәсіл тұрғысынан талдауға түсті. Абайдың адам туралы танымы, адам қандай болу керек, оның өмірінде қандай құндылықтар болу керек деген мәселе оның өлеңдері мен қара сөздерінде көрініс тапқан. Ол үшін «Адам» семасы мағынасында бар сөздер мен сөз тіркестері, тұрақты тіркестерді Абай шығармаларында таңдап-талғап қолданып отырған. Абайдың тілдік әлемінде «Адам» концептісі жан-жақты қырынан және алуан түрлі тілдік біріліктер арқылы көрініс тапқанына қарамастан, арнайы зерттеу нысанасына алынбаған құбылыс екенін көреміз. Абайдың тілдік әлемінде «Адам» концептісіне тән мағыналардың ішінде адамның болмысы, жаратылысы, адамның өмірі, адамның тұлға ретінде қалыптасуы мәселесі жан-жақты ашылады. «Адам» концептісіне қатысты адам, кісі, пенде, бала, әке, ата-ана, ақын, ақылды, надан, жақсы, жаман, халық, көп, залым, қу, бай, кедей, бәйбіше, ел, дос, жау, орыс, туыс, туған сияқты т.б. сөздер молынан қолданылады. Абай Құнанбайұлы шығармаларында «Адам» концептісіне қатысты сөздер мен сөз тіркестерінің



мағыналарын анықтауда компоненттік талдау әдісі кеңінен қолданылды. Сонымен қатар Абайдың мәтін арқылы көрініс тапқан дүниетанымы, көзқарасын, ұстанымын анықтау үшін интерпретациялау әдісі пайдаланылды.

Абай оныншы қара сөзінде: «Біреулер құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады? Өлсем орнымды бассын дейді, артымнан құран оқысын дейді, қартайған күнімде асырасын дейді. Осыдан басқасы бар ма?» - деген сұрақ қояды. Абай сұрақ қоя отырып, қазақ қоғамындағы балаға деген көзқарасты ашады. Абай бала сүюдегі қазақ халқының әрбір аспектісіне тоқтала отырып, ол мақсат-мұраттардың алдамшылығына көз жеткізіп, оқырманын тығырыққа тірейді.

Абай адамның рухани жаратылыс ретінде табиғатына ерекше мән береді. Ақынды адамның рухани болмысы, кемелденуі мәселесі қатты толғандырады. Мысалы, «Жүректе қайрат болмаса» деген өлеңінде:

Малда да бар жан мен тән,
Ақыл, сезім болмаса.
Тіршіліктің несі сән,
Тереңге бет қоймаса?
Атымды адам қойған соң,
Қайтіп надан болайын?
Халқым надан болған соң
Қайда барып онайын?!

Осы шумақтарда Абай Құнанбайұлы екі үлкен мәселені көтеріп отыр: бірінші – адамның рухани жаратылысы мәселесі, екінші – қоғам мәселесі. Адам шынайы адам болуы үшін тіршілік етуі жеткіліксіз, ол ақыл иесі ретінде тереңге бойлауы керек. Ал адамның тұлға ретінде қалыптасуы үшін қоғамның маңызы зор. Адамның қандай болмағы ортасына көп байланысты екендігін түйсінеміз.

Абай адамды Алла жаратқанына және басқа жандылардан артық жаратқанына шәксіз сенеді. Отыз сегізінші қара сөзінде адам баласының жаратылысына ақыл көзімен қарай отырып, оның соншалықты кемел, көркем болып жаратылуы Алланың махаббатынан деп түсінеді. Адам баласында басқа жануарларда жоқ ақылдың берілуі, болмысының ерекше жаратылуы, одан ақыретте сұрақ алынатын етіп жаратылуы әділетті деп санайды. Сондай-ақ адамның сөйлеу қабілетіне де тоқталады. Адамдар тіл арқылы бір-бірімен түсінісіп, бірлесіп мәселелерді шеше алатынына және бір-біріне тіл арқылы өз ойларын жеткізе алатынына назар аудартады. Осы үзініден Абайдың «Адам» концептісіне тән бірнеше сипатты көре аламыз: 1) Алла жаратқан жан иесі; 2)



белгілі бір мақсатпен жаратылған; 3) ақылы берілген; 4) болмысы ерекше; 5) тіл берілген; 6) өзара сөйлесіп, түсінісіп, бірлесіп әрекет ете алады; 7) тіл арқылы өз ойын басқаларға жеткізе алады; 8) дәм, иіс т.б. сезім берілген. Абай адамның әлеуметтік сипатына ерекше назар аудартады. Өзінің отыз жетінші қара сөзінде: «Дүниеде жалғыз қалған

адам – адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында. Дүниеде бар жаман да көпте, бірақ қызық та, ермек те көпте. Бастапқыға кім шыдайды? Соңғыға кім азбайды?». Абай адамның дүниедегі өмірі қоғамда болуы керектігін ескертіп, тіпті көптен бөлінің жалғыз қалу адамның өлгенімен тең екенін баса айтады.

Абай өзінің төртінші қара сөзінде: «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада, бұ дүниенің рахатының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, біріне-бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды» - дейді. Алла тағала адамды сондай кемел, ақыл иесі қылып жаратса, не себепті өмірін қор етіп, кейіп өледі? Осы жерде біз Абайдың тілдік әлемінде «Адам» концептісімен байланысты бірін-бірі аңду, мақтану, өмірді босқа өткізу сияқты т.б. сөз тіркестерін көреміз. Яғни, осы айтылып отырғандар адамның табиғатында бар және оның болмысына тән нәрселер ме? Жауабын қайдан іздеуіміз керек дегенде, әрине, Абайға жүгінеміз.

Адамның жан дүниесі туралы Абайдың көзқарасы мен танымы қазақ дүниетанымымен және ислам ілімімен байланысты қалыптасқан деуге болады. Дегенмен Абайдың өз танымы, ақылы тұрғысынан терең талданып, өзіндік тұжырымдар жасалған. Абайдың тілдік әлемінде адам болмысының екіжақты сипаты ашылады. Яғни, адам жан және тәннен тұрады. Адамның жан қалаулары жан құмарынан, тән қалауларынан тән құмары шығады. Абай адам болмысын ақыл мен жанды – мен, ал тән – менікі дейді. Абай адамның шынайы болмысы ақыл мен жан деп қарастырады. Әрі мен лексемасы арқылы белгіленген ақыл мен жан – мәңгілік. Ешқашан өлмейді. Тән өледі, уақытша өмір сүреді. Бірақ адам баласы соған қарамастан тән құмарын іздейді, өмірін соған арнайды. Тән құмары – ішсем, жесем, ұйықтасам деген сияқты тәнге қажет нәрселермен байланысты болады. Абай тілдік әлемінде адамның жаны мен тәні ғана емес, ақыл да жеке бөлініп қаралуы көңіл аудартады. Абайдың тілдік әлеміндегі «Адам» концептісінде адам жан құмарының жетегіне ергенде қандай рухани биіктерге көтерілетіні және толық адам қандай болу керек екені ашылады. Ал тән құмарына ерген жағдайдағы болмысы да жан-жақты қарастырылды. Абайдың адам туралы тұжырымдамалық танымы ислам



танымынан бастау алады. Сондықтан Абайдың адам туралы көзқарасын тану үшін исламдық негіздерге көз жіберіп, салыстырмалы аспектіде сараланды. Абайдың тілдік әлемінде концепт жеке сөзбен не сөз тіркесімен де, не белгілі бір сөзбен байланбай, көркем образдар арқылы да берілуі мүмкін екенін көреміз. Бейнеленіп тұрған образдардың қандай концептіге қатысты екенін білу үшін Абай шығармашылығын тұтас қарай отырып, Абайдың сөздер мен сөз тіркестеріне берген анықтамалары мен түсініктемелерін жіті зерделеу керек.

Абай адамның әуелгі туа бітті болмысы тәннен және жаннан тұратынын көрсетеді. Абай өзінің жетінші қара сөзінде екі жақты болмысына тоқталады: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйқтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Іһәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі - білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген». Осы үзіндіде «Адам» концептісі бала сөзімен беріледі. Мәтінде бала сөзінің таңдалуы кездейсоқ емес. Абай адамның әуелгі табиғатына назар аударту үшін бала лексемасын таңдаған. Абай өзінің «Көк тұман – алдыңғы келер заман» өлеңінде осы ойын нақтылай түседі.

Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі.
Шырақтар, ынталарың «менікінде»,
Тән құмарын іздейсің күні-түнде.
Әділеттік, арлылық, махаббат пен –
Үй жолдасың қабірден әрі өткенде.

Осы шумақтардағы мен бірінші жақтың жіктеу есімдігі Абайдың жеке тұлғасына емес, «Адам» концептісіне қатысты жалпы адамзат болмысына қатысты қолданылып тұр. Жалпы ортағасырлық философияда жан мен тәннің және адамның жан дүниесіне тән ақыл мен жүректің бөлініп қаралуы орын алады.



Абайдың тілдік әлеміндегі «Адам» концепті аясына жақсы және жаман оппозициясы адамның болмысын ашуға қолданылады. Абайдың өлеңінде «Адам» концепт аясына жататын жақсы сөзі қолданылады.

Кеселді болып бітеді
Жақсыға біткен жақындар.

Жау жағадан алған күн
Өздері иттей тақымдар.

«Абай тілінің сөздігінде» Жақсы сөзінің осы мағынасын: игі, қасиетті адам деп береді. Әрине, қазақ тілінде жақсы сөзінің қолданыс аясы кең әрі көп мағыналы сөз де болып келеді. Абай жақсы дегенде ақылды, адамгершілігі бар адамды айтады.

Ақ көңілді жақсыдан
Аянбай салыс ортаға.
Ақылы, ары тапшыдан

Қу сөзін алма қолқаға. Осы шумақта жақсы сөзі ақ көңілді эпитетімен қолданылғанда, жақсының көңілі таза, арамдығы жоқ екенін аңғарамыз.

Абай да ел билеуге кемел адамның лайық екенін айтады. Абайдың тілдік әлемінде кемел, кәміл, толық сөздері синоним ретінде бірінің орынына бірі жұмсала береді. Дегенмен «Абай тілінің сөздігінде» кемел сөзіне – данышпан, дана деп түсініктеме береді. Абайдың «Адам» концепті өрісіне кіретін кемел сөзі осы сөздікте берілген мағынасымен де «Ақылды» концепт аясына тән мағынаны береді. Абай толық адам кім деген мәселені өзінің өлеңдерінде, қара сөздерінде таратып жазған. Мысалы,

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі жақсы демек.

Абайдың толық деп тұрғаны – ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған адам. Осы мысалдарда «Адам» концепті өрісіне қатысты ел, жарымес сөздері қолданылып тұр.

Абайдың тілдік әлеміндегі «Адам» концептісіне тән адам болмысы, адамның жаратылысы, адамның табиғаты, адам өмірі ұғымдарының мәнін ашуды көздеген едік. Абайдың шығармаларын антропоцентристік тұрғыдан талдау барысында адамның жан мен тәннен тұратын болмыс деп қарайтыны анықталды. Сонымен бірге Абай Алланың адамды жаратуы, адам жанының мәңгіліктігі мен тәнінің бұл дүние үшін ғана тұрақ болатынына баса назар аудартады. Адамның мәңгілік мұраттары оның жан қалауынан туындап



жатады. Абайдың толық адам тұжырымдамасының тілдегі көрінісі «Адам» концептісінің аясында жан-жақты талдауға түсті. Абайдың тілдік әлеміндегі «Адам» концептісін антропоцентристік тәсіл негізінде талдау Абайдың тілдік әлемін дүниетанымымен, көзқарастарымен және өмірлік ұстанымдарымен байланыстыра отырып, бұл бағыттағы зерттеулердің перспективаларын көрсетіп берді.

Қорыта айтқанда, жалпы когнитивті лингвистика тілдік құралдардың когнитивті теориясы – ғаламның тілдік бейнесінің концепциялары тұрғысынан лингвистика ғылымын бір жүйеге түсіру мен құрудың құралы. Жеке бір сөздің толық концептісі оның семантикалық және ассоциациялық өрісі негізінде айқындала түседі. Сөздің семантикалық және ассоциациялық өрісінің негізінде пайда болған ақпараттың ішкі құрылымына когнитивті және прагматикалық мағыналардың элементтері де енеді. Осыдан барып «мәдени концепт» деп танылатын лексема концепт түзудегі өзінің лексиконы, мағыналас тізбектері ассоциациялық қатынасы бар және семантикалық өрісі қомақты номинацияларды жатқызуға болады. Сонымен қатар, концепт термині ақиқат дүниені когнитивті тұрғыда тануға ғаламның тілдік бейнесін түсінуге мүмкіндік береді. Адамның жекелеген немесе жалпытілдік ұжымының лингвистикалық қоғамдастықтың ғаламды тану арқылы ғасырлар бойы жинақталған болашақта өз жалғасын таба беретін білім жүйесінің жиынтығы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Елемесова Ш. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары (Ғ.Мүсіреповтің “Қазақ солдаты” романы бойынша): филол. ғыл. канд. ... автореф.: 10.10.03. – Алматы: Тіл білімі институты, 2003.– 27 б.
2. Жапақов С. Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері: филол. ғыл. канд. ...автореф.:19.09.03.– Алматы: Тіл білімі институты, 2003. – 28 б.
3. Ислам А. Тілдік дүние суреті: «концепт» және «ұғым» //С.Аманжолов және қазіргі қазақ филологиясының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. –Алматы, 2004. – 439-445 бб.
4. Күштаева Т.М. “Тары” концептісінің семантикалық құрылым мен лингвомәдени мазмұны: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы: Тіл білімі институты, 2002. – 192 б.
5. Постовалова В.И. Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира. – М.: Наука, 1988. – 216 с.
6. Abduvalitov E. The Effective Ways of Teaching the Literature of Fraternal Nations in General Secondary Schools. <http://dx.doi.org/10.47814/ijssrr.v6i6.1428>
7. Abduvalitov N. Ways of Teaching Samples of World Literature at Literature Classes by Grene Features. <http://ijmmu.com> editor@ijmmu.com ISSN 2364-5369 Volume 9, Issue 3 March, 2022 Pages: 219-223.
8. Nurjan B. Abduvalitov, Ergash B. Abduvalitov, Baurjan N. Sayfullaev. "Methods of comparative analysis in the study of samples of uzbek and world literature" <https://spast.org/techrep/article/view/4576>



9. Nurymbetovich, S. B. (2023). Dialectisms in the Language of Literary Works. *Central Asian Journal of Literature, Philosophy and Culture*, 4(6), 33-39. Retrieved from <https://cajipc.centralasianstudies.org/index.php/CAJLPC/article/view/893>
10. Yusupov B.B. Motherland and Patriotism in the Lyrics of Tulegen Aibergenov. <https://ijssrr.com/journal/issue/view/28>
11. Bazarbayeva Raykhan Abdimumin qyzy Socio-psychological bases of forming speaking competence based on students' creative thinking. *Web of Scientists and Scholars: Journal of Multidisciplinary Research*. <https://webofjournals.com/index.php/12/article/view/3485>

